

ӘОЖ 675

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘНІ**

**Қажиева Қорлан Болатқазықызы**

[Kazhievakb@mail.ru](mailto:Kazhievakb@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «педагогика және психология» мамандығының 2- курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-Шалғынбаева Қ. Қ

Психологиялық диагностика психологияның бір саласы, ол теориялық пән болғанымен бір адамның психикалық дамуының диагнозын зерттейді. Психологиялық сөздіктерде «психодиагностика» ұғымы адамның даралық-психологиялық ерекшеліктерін анықтайтын, өлшейтін әдіс түрінде және психология ғылымының саласы ретінде сипатталады [1]. К. М. Гурьевич психодиагностиканы психологиялық экспериментпен бақылаудың бір түрі ретінде қарастырады [2]. Ал, С. Л. Рубинштейн психологияны топтағы адамдардың деңгейіне қарай бөлу керек деп түсіндіреді [3]

Мәселен, психологиялық диагностика - жеке адамның даралық - психологиялық ерекшеліктерінің мәнін сипаттап, анықтауға бағытталған іс-әрекеттің түпкілікті нәтижесі және бұл ерекшеліктердің белгілі бір уақыт үшін мәнді жай-күйін бағдарлау, одан әрі дамуын болжау. Сондай-ақ, психодиагностикалық қараудың міндеттеріне сәйкес нұсқаулар белгілеу мақсатымен жүргізіледі. Психологиялық диагностиканың пәні – жеке адамның

калыпты күйдегі, сондай-ақ патологиядағы даралық - психологиялық айырмашылықтарды анықтау болып табылады [4].

Ал, педагогикалық диагностика - оқушының қабілетін, мінезіндегі ауытқуларды, оқу барысында кездесуі мүмкін қиындықтарын анықтауда жүргізіледі. Сонымен қатар, педагогикалық диагностика оқушының мектеп бағдарламасын игеруі туралы мәліметтер негізінде, оның оқу іс-әрекеттерін бақылау, нәтижелерін талдау және т.б. арқылы қойылады. Педагогикалық диагностиканың аса маңызды элементі - әрбір нақты жағдайда жеке адамның мінез-құлқында белгілі бір көріністердің нәтижесінен байқалатынын, олардың себептері мен салдары қандай екенін анықтау үшін қажет [5].

Қазіргі таңда диагностика әлеуметтік практиканың мынандай салаларында кеңінен қолданылады.

1. Кәсіпті таңдау мен кәсіби бағдар. Психологиялық-педагогикалық диагностика шаралары жеке сапа ерекшеліктерін, кәсіби маңызды сапаларын, кәсіби жарамдылығын, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін жақсартуын зерттеуге бағытталған.

2. Әлеуметтік мінез-құлықты болжау (қылмыс себептерін зерттеу, некені диагностикалау).

3. Оқыту мен тәрбиені оңтайландыру (мектеп диагностикасы). Психологиялық-педагогикалық диагностиканың бұл саласы халыққа білім беру міндеттерімен тығыз байланысты.

4. Психотерапевтік жәрдем клиникалық психиатрияның әдістемелерімен қамтамасыз етеді. (клиникалық психодиагностика) Бұл соттық психологиялық - психиатриялық экспертизамен және т.б. тығыз байланысты.

Сонымен қатар, психологиялық диагностиканың арнайы салаларына тоқталсақ:

1. Жалпы психологиялық диагностика - жалпы, әлеуметтік, дифференциалды психологиямен байланысты. Психологиялық диагностика бұл ғылымдардың ұғымын, заңдылықтарын қолданады. Ал екінші жағынан теориялық шындығын тексереді.

2. Жеке психологиялық диагностика - медициналық, жас ерекшелік, педагогикалық, заңгерлік, спорттық, өндірістік, патопсихологиялық және т.б.

Осындай көптеген ғалымдардың зерттеулерінен мынадай бір термин шығады: Психодиагностика (психо және diagnostics- айырып тануға қабілетті) – адамның психикалық қасиеті мен күйін ғылыми дәлелді тәсілдер арқылы сандық сипатта бағалайтын және нақты сапалық тұрғыдан талдайтын, сөйтіп адам психологиясының көрінісі туралы дұрыс болжамдық мәлімет беретін ізденіс аумағы. Ал, педагогикалық диагностика- оқушының көңіл-күйінің өзгерісін педагогикалық іс-әрекетте немесе педагогикалық бірлестікте оқып-үйрену процесі болып табылады [3, 15].

Осы тұрғыдан қарағанда, педагогикалық- психологиялық диагностиканың мәнін былайша тұжырымдауға болады: «педагогикалық диагностиканың мақсаты- білім алушының жеке қабілеттілік деңгейін, қасиеттерін анықтау негізінде оқытушы мен оқушы арасындағы өзара қатынасты арттыруға бағытталады. Сонымен қатар, оқушылардың зейінін, есте сақтауын, қабілеттілігі мен ерекшеліктерін бағалау зерттеуге ықпал етеді және талдаудың шынайылығын, маңыздылығын төмендегідей іріктейді:

-педагогикалық процесті, педагогикалық өзара әрекеттесуде оқушылардың даралығын, тұлғаның белгілерінің мәнді сипаттарының күйінің өзгеруін табу;

-оның күйінің өзгеруінің ауытқуын немесе қалпын көру;

-даму дәрежесін анықтау;

-алған мәліметтерді талдау;

-осы өзгерістерді тудырған себептерді, заңдылықтарды қалпына келтіру;

-оқушыларды процесте педагогикалық дамыту мақсатында, болашақ педагогикалық өзара әрекеттесудің нақты жоспарын және негізін өңдеу болып табылады [6].

Психологиялық диагностика адам психикасының ерекшеліктері туралы ақпараттарды жинақтауға бағытталып, тек жалпы заңдылықтарды бекітіп, сипаттап қоймай, жағымсыз сәттерді жоюға да нақты көмек көрсетеді. Сондай-ақ, оның Міндеттері: теориялық және

практикалық болып бөлінеді. Мәселен, *теориялық міндеті*- жалпы психодиагностика жарамды және сенімді диагностикалық пікірлерді қабылдау заңдылықтарын қарастыратын болса, *практикалық міндеті* - психодиагностикалық әдістемелерді практикада қолдану, индивид немесе кіші топтың психикалық жағдайын анықтау мақсатында жүргізіледі.

Жалпы қандай ғылым саласы болмасын сол заманның қажеттілігінен, талабынан туындайды. Психодиагностика да солардың бірі. Бірінші кезең, басқа ғылымдар аясында психология ілімінің біздің дәуірімізге дейінгі IV-V ғ.ғ. - XIX ғ-дың 60-шы жылдары қалыптасты. Ол Аристотелдің «Жан туралы трактатында» жан тәннің өмір сүруінің формасы екендігін, мұның өзі ес, қиял, ойлау, эмоция, секілді процестерге бөлінетіндігінін айтқан. Ал, грек ғұламасы Демокрит жанды заттың атомдары секілді өсіп, өшіп отыратын үлкен қозғалыста болатын қасиет деп түсіндіреді [2, 25].

Екінші кезең, 1870 жылы неміс ғалымы Вильгельм Вундттың Лейпциг қаласында тұңғыш лаборатория ұйымдастырып, психикалық құбылыстарды арнаулы құрал-жабдықтар мен аспаптардың көмегімен зерттеуге болатындығын дәлелдеуі мұның дербес тәжірибелік ғылым болуына жол ашты. Мұнда педагогикалық диагностика мақсатында техникалық құрылғылар мен аспаптар қолданыла бастады [7].

Негізгі психологиялық процестерге, қасиеттерге және адамның күйіне жанасатын психодиагностиканың қазіргі әдістерінің қалыптаса бастау кезеңін XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басы деп қарастырамыз. Ал Айзенк және Кэттел жеке тұлға интеллектісін зерттеу тестерін өңдеуде факторлы талдауды қолдана бастады. Француз ғалымы 1905-1907 жылдары Альфред Бине кейінірек француз ғалымы Симон бұл тесттерді жетілдіріп, психология тарихына Бине-Симон тесті атауымен енгізді. XX ғасырдың 20 жылдарында жаңа бағыт интеллектілік және жеке тұлғаны тестілеу пайда болды, алғашқыда медициналық ғылымда содан кейін индивидтің психологиялық анықтайтын психологиялық түсінік ретінде қолданыла бастады. Статистикалық тұрғыдан дәйектелген алғашқы ой-өріс тесттерінің бірін 1905-1907 жылдары француз ғалымы Т.Симонмен бірге ол осы тесттерді жетілдіре түсті. Сондықтан бұл тесттер педагогикалық диагностика тарихына Бине - Симон тесті ретінде енді [8].

Өткен ғасырдың 20-шы жылдарында адамның әртүрлі процестері мен қасиеттеріне педагогикалық диагностика жүргізуге мүмкіндік беретін жаңа педагогикалық, соның ішінде интеллектуалдық және жеке адамға арналған тесттер пайда бола бастады.

Алуан түрлі педагогикалық диагностика әдістемелердің басым көпшілігі XX ғасырдың 50-60-шы жылдарында пайда болды. Бұл ғалым педагогтардың психометриялық аса белсенді кезеңі болды .

Қорыта келгенде, қазіргі кездегі педагогикалық-психологиялық диагностика ғылымы және практикалық психологиялық білімдердің жеке саласы болып XIX ғасыр мен XX ғасырдың шегінде бөлінді. Көптеген педагогикалық диагностика әдістемелер құрылды және де олардың саны жылдам қарқынмен көбейіп келеді. Мәселен, педагогикалық-психологиялық диагностикада барған сайын математика мен физиканың қазіргі заманғы әдістері, сондай-ақ электронды педагогикалық диагностика құралдары, ЭВМ-дер кең түрде қолданысқа енгізілуде.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ишанов П.З., Бейсенбекова Г.Б. Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері. –Қарағанды, ЖК «Ақ Нұр баспасы», 2012. Б.206.
2. Төребаева К. Ж., Есенғұлова М. Н. Психологиялық-педагогикалық диагностика: Оқу құралы. Алматы, 2012. – 304 бет.
3. Бурлачук Л. Ф. Психодиагностика- СПб., 2003.
4. Общая психодиагностика. Под. Ред. Бодалева А.А., Столина В.В.- М.,-2003.
5. Қ.Жарықбаев О.Саңғылбаев. Психология: Энциклопедиялық сөздік. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.

6. Гуревич К.М., Борисова Е.М. — «Психологическая диагностика»[https://www.koob.ru/gurevich\\_borisova/](https://www.koob.ru/gurevich_borisova/)
7. Рубинштейн, С. Л. Основы общей психологии. Питер, 2002 г., 720 стр.
8. Альфред Бине, Теодор Симон. Измерение умственных способностей. Союз, 1998.